

Қазіргі кезеңде биліктің жіктелуі екі тұрғыда түсіндіріледі:

- заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының қатынасы;
- орталық пен жергілікті органдардың қатынасы [10; 22].

Біртұтас мемлекеттік билікті тармақтарға жіктеу теориясының өмір сүру қабілеттілігі оның заңдық маңыздарға ие позитивті элементтерінің болуымен анықталады. Осыған байланысты билікті жіктеу доктринасын бағалау және талдау көзқарастары жағынан күрделі тарихи сипаттағы екі тұсын ажыратады:

1. Мемлекеттік билікті жүзеге асыру және ұйымдастыру идеясының негізі біртұтас органдар жүйесі ретіндегі мемлекет механизмі шегінде еңбек бөлінуден бастау алады. Бұл органдар жүйесі белгілі бір дәрежеде анықталған, заңды түрде ұйымдасқан, өзара қызметтері шектелген, заңдық дербестігі қамтамасыз етілген, бір орган екіншісінің есебінен заңсыз көтерілуге тиым салынған құрылым.

2. Билік жіктеу қай заманда болмасын деспотизмді жоюдың қажетті шарты ретінде және билікті теріс пайдалануға тиым салатын, қоғамдақ тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ететін, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына кепіл болатын плюралистік, яғни саяси күштердің, топтың, жеке мүдделерді теңестіретін негізгі құрал ретінде қолданылатын жүйе.

Әдебиеттер тізімі:

1. Монтескье Ш.Л. Избранные произведения. М.: Госполитиздат, 1955. – 803с.
2. Кант И. К вечному миру. Сочинения в 6-ти томах. Т.6. М.: Мысль, 1966.-743с.
3. Гегель Г.В.Ф. Философия права. М., 1956.-450с.
4. Декларация прав человека и гражданина // Источники по Истории политических и правовых учений. - М., -1987.-233с.
5. Айхенберг К. Правовое государство. М.: Наука, 1980.-433с.
6. Нукенов А.Н. Биліктің бөліну теориясы: қазақстандық тәжірибе мәселелері // Саясат. 2001. №6.
7. Жоламан К.Д. Политико-правовая эволюция системы государственных органов и разделение власти в Республике Казахстан // Право и государство. 2001. №3.
8. Абенев Е. Децентрализация политической власти как условие институционализации демократии // Евразийское сообщество. 1997. №4.
9. Мухамеджанов Б. Реализация принципа разделения властей в Конституции Республики Казахстан // Юридическая газета. 2000. №38
10. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. - <http://www.akorda.kz/kz/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ ҚҰЗІРЕТТЕРІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Сулеймен Ж.Б., заң факультетінің магистранты, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ
(Ғылыми жетекшісі – Ботагарин Р.Б., доктор PhD, қауымдастырылған профессор)*

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметі еліміздің Конституциясына, конституциялық заңға және өзге де құқықтық актілерге сәйкес Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызмет атқаруын қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады [1]. Қазақстан Республикасының Үкіметінің құрылымын министрліктер құрайды. Үкімет құрамына Үкімет мүшелері - Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер, өзге де лауазымды тұлғалар кіреді [2]. Мұнымен бірге Үкіметтің қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентімен реттеледі [3].

Күрделі басқару жүйесінің субъектілері: басқару органдары, кәсіпорындар мен мекемелердің әкімшілігі, әскери бөлімдердің басшылары, лауазымды тұлғалар атқарушы биліктің меншік иелері болып танылады. Нәтижесінде билік органдары өз функцияларына сәйкес дараланады. Ол бір субъектілер басқаларға міндетті шешімдер қабылдайтын иерархиялық қоғамдық қатынастар жүйесін бейнелейді.

Атқарушы биліктің күші өзі алатын өкілеттіктер мен ресурстардың көлемімен, сондай-ақ халықтың бірлігі, тәуелсіздігі, кәсібилігі және оған сенімі арқылы айқындалады. «Өз қызметі саласындағы атқарушы билік тәуелсіз болуы тиіс, өйткені іс-әрекеттің толық тәуелсіздігі тиімділік пен прогрестің кепілі болып табылады» [4; 43].

Осылайша, атқарушы билік біріншіден, мемлекеттік аппараттың ерекше тобының жұмыс істеуі, екіншіден, осы субъектілер қызметінің қоғамдық өмірдің түрлі аспектілерін реттеу мақсатында өкілді билік субъектілері бекіткен жалпы нормаларды іске асыруды қамтамасыз етуге тікелей бағытталуымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының атқарушы билігіне толық сипаттама беру үшін оның тарихын тәуелсіздік алған сәттен бастап қарастыру қажет. 1993 жылғы Конституция Қазақстанның атқарушы билігінің заңды негіздеріне маңызды жаңалықтарды енгізді [5], ол 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясына және оған кейінгі өзгерістерге қарағанда:

1) атқарушы билік мемлекеттік биліктің дербес пункті ретінде айқындалған. Ең алдымен, бұл «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның 9-бабында көрсетілген, яғни, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет билігі бұл биліктің заңдық, атқарушы және сот билігі болып бөлінуі принципін басшылыққа ала отырып құрылады және жүзеге асырылады делінген [6].

2) атқарушы билік жүйесінің бірлігі. 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының бірінші өтпелі кезеңінің Конституциясына сәйкес президент атқарушы билік органдарының бірыңғай жүйесін басқарды.

3) үкіметті қалыптастыру тәртібіне өзгерістер енгізілді. Президент премьер-Министрдің ұсынысы бойынша Министрлер Кабинетінің құрамын анықтап, Жоғарғы Кеңестің келісімі бойынша оның басшысы мен маңызды министрліктердің басшыларын тағайындады.

4) атқарушы билік органдарының жоғарғы кеңес алдындағы жауапкершілігі туралы ережелер өзгертілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметін құру тәртібіне келер болсақ, оны Президент Конституцияда көзделген тәртіппен құрады. Премьер-министрдің кандидатурасы Парламенттің бекітуіне шығарылады және мақұлдауды алғаннан кейін президент оны өз Жарлығымен тағайындайды. Премьер-министр Президентке ол тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс жасайды. Президент премьер-министрді және оның орынбасарларын, Үкімет Аппаратының басшыларын, министрлер мен мемлекеттік комитеттердің төрағаларын тағайындайды. Үкімет мүшелері Қазақстан халқына және Президентіне ант береді.

Атқарушы билік жүйесіндегі жоғары орган ретіндегі Үкіметтің ережесі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асырылатын және жергілікті атқарушы органдарға таратылатын өкілеттіктермен қамтамасыз етіледі.

Үкіметтің құзыретін экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, білім беру және мәдени; әкімшілік-саяси басқару; құқық тәртібін нығайту, сыртқы саясат саласында бөлуге болады. Мысалы, экономика саласында көрсетілген өкілеттіктермен қатар мемлекеттік валюталық, қаржылық және материалдық ресурстарды құру және пайдалану кезінде заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету; құрылымдық және инвестициялық саясатты жүзеге асыру; баға белгілеу саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру, бағаларды мемлекеттік реттеуге жататын өнімдердің, тауарлар мен қызметтердің ассортиментін бекіту. Әлеуметтік саладағы Үкімет құзыретіне өңірлердің әлеуметтік даму мәселелерін шешуді қамтамасыз ету, жастар проблемаларын шешуге жәрдемдесу кіреді.

Әкімшілік-саяси басқару саласында Үкімет кеңесші органдарды құрады және таратады, министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды, министрлердің орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту саласындағы құқықтық реформаны іске асыруды қамтамасыз етеді.

Сыртқы саясатта үкімет келісімдер өткізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды; Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және өңірлік ұйымдармен қатынастарын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы саясатты іске асыру жөнінде шаралар әзірлейді; сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қабылдайды; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметтің құқықтық көздері ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заң, үкіметтің регламенті, Президенттің басқа да заңдары мен жарлықтары қаралуы мүмкін. Үкімет өз құзыреті шегінде нормативтік және өзге де актілерді қабылдайды, заңдар мен Президент жарлықтарының орындалуын ұйымдастырады, халықаралық шарттар жасасады, атқарушы биліктің барлық органдарына басшылық етеді, олардың қызметіне бақылауды жүзеге асырады, заңдардың бұзылуын жою жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

Үкімет пен заң шығарушы билік арасындағы қатынастар олардың өкілеттіктерін қатаң анықтау принципінде құрылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі, біріншіден, Парламент пен Президент жүзеге асыратын заң шығару процесіне қатысады; екіншіден, өз құзыреті шеңберінде норма шығарушылықты жүзеге асырады.

Үкімет регламентіне сәйкес Үкіметтің заң шығару қызметі Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарына және Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ол алдағы жылға арналған Жоспарды қалыптастыру Президенттің жыл сайынғы Жолдауы, Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен жыл сайынғы жолдаулары, Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің Үкімет бекітетін құжаттары, Президенттің, Президент Әкімшілігінің, Премьер-Министр мен Үкіметтің шешімдерін және/немесе тапсырмаларын іске асыру жөніндегі жоспар-графиктер, қабылдануы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген заңдардың, нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингінің нәтижелері ескеріліп жүзеге асырылады.

Президенттің, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министрдің тапсырмаларынан туындайтын заңдардың жобалары, сондай-ақ бастамашылық заңдардың жобалары міндетті түрде Жоспарға қосылады.

Алдағы жылға арналған Жоспардың жобасын жыл сайын 1 шілдеге дейін мемлекеттік органдар Әділет министрлігіне ұсынатын реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттары бойынша Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның оң қорытындысы негізінде Әділет министрлігі қалыптастырады. Бұл ретте консультативтік құжаттарды Ведомствоаралық комиссия жыл сайын 1 тамызға дейін мақұлдауға тиіс екендігі регламентте тікелей көрсетілген.

Яғни, Үкіметтің заң шығарушылық бастамашылық құқығы болады. Ол өз құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша заң жобаларын әзірлеп, оны Мәжілістің қарауына енгізуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Үкіметіне заң шығару бастамасы құқығының берілуі жөніндегі қағида Үкімет Парламентке заң жобасын енгізе де алады, енгізбей-ақ қоюына болады деген сөз емес. Үкімет мемлекеттік биліктің заң негізінде қолдана алатын кең өкілеттікті иеленген ерекше тармағы ретінде, сөз жоқ, тиісті заңдардың қабылдануына

мүдделі. Сондықтан Үкімет заң жобалау жұмысымен шұғылдануға құқылы ғана емес, міндетті де. Заң шығарушылық бастама құқығын жүзеге асыру мақсатында Үкімет заң жобалау жұмыстарын әзірлейді. Заң жобаларын әзірлеуде министрліктер мен ведомстволар Үкіметтің ұйымдық тірегі болып табылады. Республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және ведомстволарының нақты жобаларын әзірлеу жөніндегі ұсыныстары республиканың Әділет министрлігі мен Үкімет арқылы енгізіледі. Ол қаралып, қорытылғаннан кейін заң жобалау жұмыстарының тізбесіне кіргізу үшін Парламент Мәжілісіне жіберіледі. Заң жобалау жұмыстарының тізбесіне және Республика Парламентінің осы мәселелер бойынша қабылдаған шешіміне орай орталық атқарушы органдар заң жобаларын қазақ және орыс тілдерінде әзірлеп, белгіленген мерзімде Үкіметке беруі тиіс. Ұсынылған заң жобаларының сапасына, дер кезінде әзірленіп, ұсынылуына орталық атқару органдарының бірінші басшысы тікелей жауап береді.

Заң жобаларының сапалық жоғары деңгейде болуы үшін қажетті жағдайда актілер экономикалық, құқықтық, ғылыми-техникалық және өзге сараптауға беріледі. Үкіметтің қарауына тиісті негіздемелерімен түскен ескертпелер туралы анықтама, сараптама қорытындысы заң жобасымен бірге беріледі. Егер Үкімет заң шығарушылық бастамасы тәртібімен әзірленген заң жобасы Конституциямен және заңдармен Президенттің өкілеттігіне жатқызылған мәселелерді қозғайтын болса онда ол туралы Республика Президентімен келісіп алу керек.

Үкімет пен Парламентке енгізілген заң жобалары міндетті түрде Үкіметтің отырысында не оның Төралқасында талқылануы керек. Заң жобасын талқылау міндетті түрде құжатты әзірлеушілердің, сарапшылардың қатысуымен өткізіледі. Заң жобасын қараудың нәтижесімен Үкіметтің қаулысы не Премьер-министрдің әкімі қабылданады. Сол арқылы заң жобасы Парламент Мәжілісіне жіберілуі немесе пысықтауға қайтарылуы мүмкін.

Үкімет заң шығару бастамасын жеке жүзеге асырып қана қоймайды. Ол заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізу жөніндегі Президент тапсырмасын да орындайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы Президентке заң шығару бастамасы құқығын бермеген. Бірақ ол Президент заң шығару процесінен аластатылады деген сөз емес. Президент туралы Жарлықпен көзделген Президенттің Үкіметке заң жобаларын Парламент Мәжілісіне енгізуге тапсырма беру құқығы оның заң шығаруға ықпал ету жолдарының бірі болып табылады. Бұл арада заң жобасы Президент Әкімшілігінде әзірленіп, Үкімет арқылы Парламентке енгізілетінін ескерген жөн.

Үкімет сонымен бірге Президент актілерінің жобаларын әзірлей алады. Әңгіме, ең алдымен, орталық атқарушы органдар арқылы, Президент Аппаратының тиісті бөлімдері немесе Үкімет шешімімен құрылатын жұмыс тобы арқылы жүзеге асырылатын, Президенттің Үкімет енгізген нормативтік жарлықтары туралы болып отыр. Оларды Үкімет арқылы жүзеге асыру талап етілетін Президент актілері жобаларының қатарына Үкімет қаулыларының жобалары да жатады.

Жеке құқықтық актілер шығарушылығын Үкіметтің өзі жүзеге асырады. Нормативтік құқықтық актілер иерархиясында Үкіметтің нормативтік актілері Президент Жарлықтарынан кейін тұрады. Республика Үкіметі Республика Конституциясы, заңдары, Президент актілері, өзге де нормативтік құқықтық актілер негізінде және оларды орындау үшін нормативтік және нормативтік емес қаулылар шығарады. Үкімет актілері өз құзыреті шегінде қабылданады, бүкіл республика аумағында оның міндетті күші болады. Үкімет қаулысын Президент және Үкіметтің өзі кері қайтаруы мүмкін.

Алайда Үкіметтің және басқа атқарушы органдардың норма шығарушылық қызметінің барлық мәселелері бірдей шешіліп болған жоқ. Өткеннен мұра болып қалып, әлі күнге жалғасып келе жатқан көптеген проблемалар шешімін таппай отыр. Үкімет кейде бір-біріне қайшы келетін шешімдер, сондай-ақ бір мәселе туралы бірнеше шешімдер шығарады. Сондықтан Президенттің осы мәселелерді реттейтін нормативтік актілерінің қажеттігі туралы ұсыныс назар аударуға тұрарлық.

Үкіметтің халықаралық шарттар жасасуы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 54 Заңымен реттеледі [8]. Осы заңға сәйкес азақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу жоспарлары бір жылға жасалатын ағымдағы және үш жылға жасалатын перспективалық болып бөлінеді. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық жоспарларын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық жоспарларының жобаларын халықаралық шарттарды жасасу тұжырымдамаларының негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі әзірлейді. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық жоспарларының жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімдерімен мақұлданады. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы, өкілеттіктері және қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережеде айқындалады. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу жоспарлары Қазақстан Республикасының Президентімен келісіледі.

Сонымен қатар үкімет басшысының яғни Премьер-Министрдің атқаратын қызметіне тоқталмай кетуге болмайды.

Республика Премьер-Министрі

Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасында функционалдық міндеттерді бөледі; Республика Президентімен, Парламентпен, Конституциялық Сотпен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады; халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады және үкіметаралық шарттар мен келісімдерге қол қояды; Республика Президентіне: Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қоспағанда, Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін кандидатуралар жөнінде; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қоспағанда, Үкімет мүшесін, оның ішінде Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесін қызметтен босату туралы ұсынулар енгізеді; Республика Президентімен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін келіседі; Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады; Үкімет мүшелерінің және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдайды; Үкімет жанындағы консультациялық-кеңесші органдарды құрады және таратады; Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай және Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзіреттерін қамтыған тиісті құқықтық актілерге жасалған талдау жұмыстарын жасай келе бұл билік тармағының мемлекет өміріндегі маңыздылығын толығымен білуге болады. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған уақыттан бері елімізде бірқатар конституциялық реформалар жүргізілгені белгілі. Бұл реформалар мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы құзіреттерін жетілдіріп қана қоймай, кейбір жаңа құзіреттердің өзара бөлінуін, заманға сай болған қоғамдық қатынастарды реттеуде өзінің оң әсерін беріп келеді. Яғни, бүгінгі таңда заңдық тұрғыда бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі құзіреттерінің қатары жаңа құзіреттермен толығыу заңдылық деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 Конституциялық заңы.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002688>
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысы.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000010>
4. Чиркин В.Е. Элементы сравнительного государственоведения. – Москва: Изд-во ИГиП РАН, 1994. – 152 с.
5. Қазақстан Республикасының 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Конституциясы.(1995 жылғы 30 тамызда жаңа конституцияның қабылдануына байланысты күшін жойған) - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000>
6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы. 1991 жылғы 16 желтоқсан.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004400>
7. Митин С.С. Государственная власть: понятие и закономерности организации. – Красноярск: Издательство Красноярского ГУ, 2004. – 181 с.
8. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 54 Заңы.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000054>

ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЛИЦ БЕЗ ГРАЖДАНСТВА НА ТЕРРИТОРИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Тайторина Б.А., д.ю.н, профессор Института истории и права КазНПУ имени Абая,
г.Алматы*

В соответствии со статистикой ООН почти 4,5 млн. людей на планете не имеют статуса граждан определенной страны и признаются апатридами - лицами без гражданства. Отсутствие надлежащего гражданско-правового статуса порождает правовую неопределенность лиц, не имеющих в силу разных обстоятельств гражданства как основного права личности. В числе негативных жизненных обстоятельств Верховным комиссаром ООН по делам беженцев названы изоляция, лишения, маргинализация [1]. В связи с этим международное и национальное право придают важное значение проблеме обеспечения правового статуса лиц без гражданства, в том числе особое внимание уделяется вопросам социального обеспечения апатридов.

Управление Верховного комиссара ООН по делам беженцев в 2014 году объявило старт глобальной кампании #IBelong (#ЯПринадлежу) для выявления лиц с неопределенным гражданством. Окончательные результаты кампании будут подведены по истечении запланированного для проведения кампании периода в 2024 году. Среди наиболее важных достижений кампании к 2023 году: 30 государств присоединились к одной или обеим Конвенциям о безгражданстве, таким образом, к Конвенцию 1954 года ратифицировали парламенты 96 государств, Конвенции 1961 года – 78 государств; около 450 тысяч человек в мире приобрели или подтвердили свое гражданство; более 20 государств закрепили в национальных законодательствах правовые механизмы для выявления лиц без гражданства на своей территории и создание благоприятных условий для натурализации. Среди стран, вошедших в состав участников конвенций о безгражданстве, - шесть стран СНГ, в которых проблема безгражданства